

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ РЕКТОРАТЫНЫҢ
2017 ЖЫЛҒЫ 12 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ
ҚАУЛЫСЫ

1. Комиссия төрағасы оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор **Ғ.Қ Кенжебаевтың** «Абай атындағы ҚазҰПУ кафедраларының ОПҚ педагогикалық жүктеме көлемі мен штаттық кестесінің құрылуын тексеру нәтижелері туралы» есебін тыңдай отырып, **РЕКТОРАТ ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1.1	Комиссия төрағасы, оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор Ғ.Қ Кенжебаевтың «Абай атындағы ҚазҰПУ кафедраларының ОПҚ педагогикалық жүктеме көлемі мен штаттық кестесінің құрылуын тексеру нәтижелері туралы» есебі - назарға алынсын		
1.2	Ішкі нормативті құжаттар мен құжаттама түрлерін дайындайтын жұмыс тобын құру.	Оқу ісі жөніндегі проректор А.А. Сатмұрзаев	22.12.2017
	ОПҚ, оның ішінде, шақырылған шетел мамандарының педагогикалық жүктемесінің Ережесін дайындау.		20.01.2018
	Жекелеген кафедралардың ерекшеліктері мен ОПҚ санаттарын (шақырылған шетелдік оқытушылар) ескере отырып, «Абай атындағы ҚазҰПУ ОПҚ педагогикалық жүктемесін есептеудің бірыңғай уақыт нормаларының» Ережесін дайындау.		27.12.2017
	Ұзақ мерзімді іс-сапарлар, денсаулыққа байланысты жұмысқа жарамсыздық т.б. жұмысқа шыға алмау жағдайларында ОПҚ оқу жүктемесін алмастыру тәртібін реттейтін және оқу жүктемесін қайта бөлу Ережесін дайындау.		20.01.2018
	Зертханалық сабақтар өткізуге ұсынылатын пәндер тізімін анықтап, университет кафедраларына бекіту.		30.04.2018
	Магистратура/докторантурада көптілді топпен оқыту жұмыстарын ұйымдастыру.		30.04.2018

1.3	3 жылдық және 4 жылдық оқу бағдарламаларының бір семестрлік оқыту жүйесін ескере отырып, жұмыс оқу бағдарламаларында (РУП) кіріктірілген элективті пәндерді 3 кредиттен кем емес (2кредит- кей жағдайда) көлемде жоспарлау.	Кафедра меңгерушілері	Үнемі
1.4	«Философия» курсына «Толеранттық негіздері», «Дінтану» пәндерінің оқу материалдарын енгізу мүмкіндіктерін қарастыру.	Тарих және құқық институтының директоры Б.С. Жұмағұлов	30.03.2018
1.5	Білім алушылардың жеке оқу траекториясын қалыптастыру және элективті пәндерді еркін таңдау құқығын жүзеге асыруға жағдай жасау жұмыстарын ұйымдастыру.	Оқу ісі жөніндегі проректор А.А. Сатмұрзаев Институт директорлары және кафедра меңгерушілері	30.04.2018
	Еңбек нарығына мамандардың қажеттілігін ескере отырып, мамандандыруды ашу мүмкіндіктерін қарастыру.		15.03.2018
	2017/2018 оқу жылының көктемгі семестріне сабақ кестесін жасау кезінде түрлі мамандықтар студенттері үшін топтық дәрістердің (70-100 адам) дұрыс ұйымдастырылуын қамтамасыз ету.		15.01.2018
	2018/2019 жаңа оқу жылына барлық мамандықтардың бакалавриатына арналған 1 жылдық және 4 жылдық, магистратураға 2 жылдық және 1,5 жылдық, PhD докторантура үшін 3 жылдық (2018/2019 оқу жылында қабылданатын бірінші курстар үшін) жұмыс оқу жоспарлары мен оқу жоспарларын дайындау.		20.02.2018
	Жылдық жұмыс жоспарларының сапасын арттыру мақсатында жұмыс берушілердің оқу жоспарына берген пікірлері мен ұсыныстарын оқу-әдістемелік бөлімге электронды және қағаз жүзінде өткізу жұмыстарын ұйымдастыру.		20.02.2018

1.6	«Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды ауызшадан тест немесе жазбаша түрге ауыстыру жұмыстарын ұйымдастыру жолдарын қарастыру.	Бірінші проректор М.А. Бектемесов Оқу ісі жөніндегі проректор А.А. Сатмұрзаев	10.01.2018
1.7	Сырттай оқу бөлімінде қашықтан оқыту технологиясын енгізу жұмыстарын ұйымдастыру.	Бірінші проректор М.А. Бектемесов , Оқу ісі жөніндегі проректор А.А. Сатмұрзаев Кәсіби біліктілікті арттыру және қашықтан оқыту орталығының директоры Б.С. Ахметов	30.01.2018
1.8	Ағымдағы оқу жылында ОПК педагогикалық жүктемесін, жеке жұмыс жоспарын (ИПР) және сабақтар кестесін автоматтандырылған есептеу жүйесімен ұйымдастыру.	Бірінші проректор М.А. Бектемесов Оқу ісі жөніндегі проректор А.А. Сатмұрзаев Білімді ақпараттандыру департаментінің директоры С.А. Махмұтов	30.05.2018
1.9	Педагогикалық оқу жүктемесінің, сабақ кестесінің жасалу жұмыстарына бақылауды күшейту.	Оқу ісі жөніндегі проректор А.А. Сатмұрзаев Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н. Жанбеков	Үнемі
1.10	Педагогикалық жүктеменің көлемін ұлғайтуға жол берген кафедра меңгерушілеріне әкімшілік шара тағайындау туралы ұсыныс дайындау.	Бірінші проректор М.А. Бектемесов	10.01.2018

Ғылыми кітапхана директоры **Н.Ж. Имансыдықованың** «Жаратылыстану - математика бағытындағы мамандықтарды ағылшын тіліндегі оқу әдебиеттерімен қамтамасыз ету жұмыстарын талдау туралы» ақпаратын тыңдай отырып,

РЕКТОРАТ ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:

2	Н.Ж. Имансыдықованың «Жаратылыстану - математика бағытындағы мамандықтарды ағылшын тіліндегі оқу әдебиеттерімен қамтамасыз ету жұмыстарын талдау туралы» – назарға алынсын		
2.1	Электронды базаларды пайдаланып, электронды кітаптарды жүктеу жұмыстарын ұйымдастыру.	Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі проректор Ғ.К. Кенжебаев Ғылыми кітапхана директоры Н.Ж. Имансыдықова Институт директорлары	Үнемі
2.2	Жаратылыстану-математика бағытындағы кафедралардың ағылшын тіліндегі оқу қорын мониторингілеуді өткізу, 2018 жылға оқу әдебиеттерін алуға ұсыныс дайындау.	Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі проректор Ғ.К. Кенжебаев Институт директорлары	30.01.2018
2.3	Университет қызметкерлеріне ағылшын тілі курсының ұйымдастырудың жолдарын қарастыру.	Бірінші проректор М.А. Бектемесов	01.03. 2018

		Оқу ісі жөніндегі проректор А.А. Сатмұрзаев	
2.4	Ғылыми кітапханамен бірлесе отырып, білім алушыларға медиалық және ақпараттық сауаттылық сабағын ұйымдастыру.	Институт директорлары, кафедра меңгерушілері Ғылыми кітапхана директоры Н.Ж. Имансыдықова	30.01.2018

3. Ғылым департаментінің директоры **С.Қ. Сахиевтің** «Абай атындағы ҚазҰПУ ғылыми журналдары туралы. Thomson Reuters, Scopus мәліметтер базасына енгізілген ғылыми журналдардағы университет ғалымдары жарияланымдарының мониторингі» ақпаратын тыңдай отырып, **РЕКТОРАТ ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

3. Ғылым департаментінің директоры С.Қ. Сахиевтің «Абай атындағы ҚазҰПУ ғылыми журналдары туралы. Thomson Reuters, Scopus мәліметтер базасына енгізілген ғылыми журналдардағы университет ғалымдары жарияланымдарының мониторингі» туралы ақпараты - назарға алынсын.			
3.1	Ғылыми журналдарда жариялау үшін ұсынылған мақалалардың сапасын арттырудың, белгіленген тәртіпте рецензиялаудан өту жұмыстарын үйлестіру, кәсіби рецензия беру ұсыныстарын дайындау.	Ғылым департаментінің директоры С.Қ. Сахиев ғылыми журнал редакторлары	10.01.2018
3.2	Ғылыми журналдарда жариялау үшін ұсынылған мақалалардың төлем құнының мөлшерін анықтау.		
3.4	Абай атындағы ҚазҰПУ ғылыми журналдарының редакторлары мен жауапты хатшыларын журнал табысы есебінен компьютерлік техника жабдықтарымен қамтамасыз ету.	Экономика және өндірістік мәселелер жөніндегі проректор Б.Д. Құлжабаев Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі департамент директоры Қ.М. Арзықұлов	30.03.2018

IV. Осы шешімдердің орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Ректорат төрағасы

Ғалым хатшы



Handwritten signatures in blue ink.

Т. Балықбаев

Ж. Сейсенбаева